Азот оксидтері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді бойынша атмосфералық ауадағы ластауыш заттектердің фондық құрамы шекті рұқсат етілген концентрациялар шегінде болады. «Казцинкмаш» ӨК санитариялық-қорғау аймағының шекарасында ластауыш заттектердің құрамы да 1 ШРК шегінде.

Жобаланатын объект су қорғау аймақтары мен жолақтарынан тыс орналасқан және оларға тікелей әсер етпейді, жақын маңдағы су объектілері атауы жоқ өзен (құрылыс учаскесінен 534 м), Хариузовка өзені (құрылыс учаскесінен 1260 м) және Тихая өзені (құрылыс учаскесінен 1530 м).

Құрылыс учаскесіндегі жерасты сулары 11,5-13,5 м тереңдікте орналасқан, атмосфералық жауын-шашын мен жарықшақ сулардың есебінен қалыптасады және бейтарап рН бар сульфат-хлорид-натрий-калий түріне жатады.

### **5-слайд**

Кадастрлық нөмірі № 05-083-008-186, ауданы 28,0554 га жер телімі «Казцинк» ЖШС-не жеке меншік құқығында тиесілі. Жер телімінің нысаналы мақсаты: жөндеу-механикалық заводының негізгі өндірістік алаңшасын орналастыру. Құрылыс жүргізу үшін жаңа жер телімдері қажет етілмейді.

Құрылыс учаскесіндегі топырақ-өсімдік қабаты – қою сұр саздақ, гумусталған, шөптердің тамыры бар. Қабат күндізгі бетінен барлық жерде жатыр. Қабаттың қуаты 0,2-0,4 м болды.

### **6-слайд**

Ұста-қазандық цехы «Казцинкмаш» ӨК бұйымдары үшін дайындамалар шығарады. Ол үшін бу-ауа балғалар, баспақтар, соғып өңдеу машиналары, металл өңдеу білдектері, шар илемдеу кешендері пайдаланылады, пісіру және газбен кесу жұмыстары жүргізіледі. Цехтың жұмысына арналған материалдар құю цехы мен үшінші жақ жеткізушілерінен жеткізіледі. Жобаға сәйкес ұста-қазандық цехының жаңа ғимараты ӨТК-мен бірге салынууда, оның орнына балқыма цехын қоспағанда барлық қолданыстағы жабдықтар тасымалданады. Бұл ретте өндірістік қуаттылық ұлғайтылмайды, өнімділік өзгермейді және бүгінгі күндегі дайын өнім бойынша жылына 47115 т немесе шикізат бойынша жылына 54516 т құрайды. Сұйық отынмен жұмыс істейтін пештер жаңа цехқа тасымалданбайды. Сұйытылған газбен жұмыс істейтін пештер орнатылады және олардың жұмысын қамтамасыз ету үшін 30 м<sup>3</sup> сұйытылған газ қоймасы салынады. Газ шығыны –300 м<sup>3</sup>/жыл.

Құрылыс жұмыстары шамамен 21 айға созылады, ал негізгі өндіріс жұмысын жалғастыратын болады.

### **7-слайд**

Қолданыстағы ҰҚЦ ғимаратын бөлшектеу жобада қарастырылмайды.

Құрылыс аумағында бөлшектеуге жататын 1245 м<sup>2</sup> асфальтбетон жабыны, 5 жарықтандыру бағанасы, 136 м электрмен жабдықтау желісі бар. Бұл жағдайда асфальтбетон жабынының сынықтары құрылыс қоқысы ретінде жіктеледі. Жарықтандыру бағаналары мен электрмен жабдықтау желілері жабдықтың қоймасында сақталады және одан әрі мақсатына сай пайдаланылуы мүмкін.

### **8-слайд**

Жобаны іске асыру басталғанға дейін жоспарланған қызметті іске асырудың ықтимал нұсқалары қарастырылды. Іске асыру орны материалдық ресурстар қозғалысының ұтымдылығын ескере отырып, кәсіпорын аумағында таңдалды. Технологиялық үдеріс өзгерген жоқ. Пештерді таңдау кезінде отынның 2 түрі қарастырылды: дизелді және сұйытылған газ. Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында газ таңдалды, бұл ретте тұрғын аймаққа қатысты газ резервуарларының орналасуы бойынша талаптар ескерілді. Ластауыш заттектердің шығарындыларын тазарту нұсқалары да қарастырылды. Бұрынғы жүйе немесе жаңартылған жүйе қарастырылды. Таңдау шаңтұтқылары бар жергілікті сорғыштардың немесе тазарту деңгейі жоғары сүзгілер пайдасына жасалды.

### **9-слайд**

Жобаны іске асыру нәтижесінде жаңа ұста-қазандық цехына қолданыстағы темір ұста-қазандық цехы мен ӨТК-тан ластауыш заттектер бөлетін жабдық ауыстырылады. Бұл ретте металл өңдеу білдектері мен пісіру жабдықтары шаңтұту қондырғыларымен жабдықталады, дизелді отынның орнына пештерде сұйытылған газ пайдаланылатын болады. Осы іс-шаралардың нәтижесінде орын ауыстыратын жабдықтан шығарындылар көлемі жылына 12,6-дан 9 тоннаға дейін азаяды. Ластауыш заттектердің тізбесі сұйытылған газды сақтаудан және жағатын отынды

ауыстырудан шығатын шығарындылар есебінен ғана өзгереді, бұның да қазіргі жағдаймен салыстырғанда теріс әсері болмайды. Осылайша, атмосфераға әсері артпайды, климаттың өзгеруіне әсер етпейді, атмосфера үшін қайтымсыз салдары болмайды деп айтуға болады.

Атмосфералық ауаға әсері рұқсат етілген деп бағаланады.

### **10-слайд**

Жобаланатын цех су қорғау аймақтары мен су объектілерінің жолақтарынан тыс орналасқан. Жобаны іске асыру нәтижесінде сумен жабдықтау көздері өзгермейді: шаруашылық-ауызсу қажеттіліктері Водоканалмен жасасқан шарт бойынша, ал техникалық қажеттіліктерге арналған су ЛК ГЭС компаниясымен жасасқан шарт бойынша жеткізіледі.

Жобаны іске асыру нәтижесінде цехтың су бұру тәсімі өзгермейді: тұрмыстық ағындар Водоканалмен жасасқан шарт бойынша бөлінеді, ал өндірістік және нөсер ағындары «Казцинкмаш» ӨК өнеркәсіптік-нөсер канализациясына бөлінеді, тазартқыш имараттарда тазартылады және эмиссияға берілген рұқсатқа сәйкес атауы жоқ жылғаға төгіледі.

Шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне жұмсалатын су шығыны, тұрмыстық ағындардың пайда болуы қазіргі жағдаймен салыстырғанда өзгермейді, өйткені қызметкерлер саны өзгермейді.

Өндірістік қажеттіліктерге жұмсалатын су шығыны және ағынды сулардың пайда болуы қазіргі жағдаймен салыстырғанда артпайды. Пісіру жұмыстары мен шар илемдеу кешендерінен су шығыны мен ағынды сулардың пайда болуы өзгермейді. Шығынның өзгеруі қолданыстағы цехта қолданылатын пештер жылына 50,7 мың м<sup>3</sup> су тұтынатындығына байланысты, содан кейін ол су өнеркәсіптік су канализациясына ағады. Ал жаңа цехта жаңа пештер суды қажет етпейді. Бұл ретте жоба бойынша орнатылатын индукциялық қыздыру қондырғысы жылына 9,6 мың м<sup>3</sup> су тұтынады, содан кейін ол өнеркәсіптік су канализациясына ағады. Сондай-ақ, жаңа цех аумағынан жылына 1,875 мың м<sup>3</sup> жаңбыр суының есебінен ағынды сулар қосылады. Бұл ретте жаңа цехтың су тұтынуының жалпы көлемі және жаңа цехтан шығатын ағындардың жалпы көлемі қазіргі жағдаймен салыстырғанда ұлғаймайды. Ағынды сулардың сапалық құрамы да өзгермейді, өйткені цехтағы су тек жабдықты салқындату үшін қолданылады.

Жоспарланған қызметтің жерүсті суларына әсері рұқсат етілген деп бағаланады. Жоспарланған қызметтің жерасты суларына әсері болжанбайды.

### **11-слайд**

Қолданыстағы жабдықтың жаңа цехқа ауысуынан дизелді отынның сұйытылған газға ауысуына байланысты пайда болған қалдықтардың тізімі мен саны көбеймейді. Жылына 1671,366 т мөлшерінде 10 түрлі (оның ішінде 4 қауіпті және 6 қауіпті емес) қалдықтар түзіледі. Барлық қалдықтарды «Казцинк» ЖШС-не беретін технологиялық қоқысты қоспағанда, мамандандырылған ұйымдар шығарады. Қара металл қалдықтары мен сынықтарының бір бөлігі кәсіпорында шикізат ретінде пайдаланылады. Қалдықтар дұрыс орналастырылған жағдайда қалдықтардың түзілуінен қоршаған ортаға әсері рұқсат етілген деп бағаланады.

### **12-слайд**

Шуыл мен дірілдің көзі – технологиялық және қосалқы жабдық. Шуылдың әсерін есептеу қолданыстағы өндірістегі шуылды өлшеу деректерін ескере отырып жүргізілді. Талдау тұрғын үйлерге тікелей іргелес аумақтар үшін рұқсат етілген дыбыстық қысым деңгейінен асып кету болмағанын көрсетті. Қоршаған ортаның дірілмен ластануы жергілікті сипатқа тән, объект СҚА шекарасындағы дірілдің қорытынды деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді. Цех аумағында радиациялық әсер ету көздері жоқ.

### **13-слайд**

Жоспарланған қызмет жергілікті халықтың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай әсер етпейді, себебі атмосфераның жер бетіндегі қабатында фонды есепке алмай ЛЗ-ның шашырауы және ТА шекарасындағы фонды ескере отырып, ШРК-ның барлық ЛЗ бойынша асып кетуі тіркелмегенін көрсетті. Әлеуметтік-экономикалық салдардың болжамы қолайлы. Жоспарланған жұмыстардың өңірлік-аумақтық табиғатты пайдалануға әсері аз. Жұмыс істейтін қызметкерлерді жаңа цехқа көшіру қызметкерлердің денсаулығы үшін қолайлы болады, өйткені олар қауіпсіз және жайлы қызметпен қамтамасыз етіледі.

#### **14-слайд**

Нысан өнеркәсіптік қаладағы қолданыстағы кәсіпорынның аумағына салынады, сондықтан қалаларға тән өсімдіктер мен жануарлар кең таралған. Ұста-қазандық цехы генетикалық ресурстардың, өсімдіктер мен жабайы жануарлардың табиғи ареалының сақталуына, жабайы жануарлардың көші-қон жолына әсер етпейді. Жобаны іске асыру нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері өзгермейді. Жобаны іске асыру нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлар әлемі үшін қайтымсыз салдарлар болмайды.

#### **15-слайд**

Жұмыстар «Казцинкмаш» ӨК-нің басқа объектілері орналасқан жер телімінің шекарасында жүргізіледі, жаңа жер телімі талап етілмейді. Ландшафт өнеркәсіптік- қалалық, қатты бұзылған. Белгілі бір тәсім бойынша мақсатты түрде жасалған. Ұзақ мерзімде қалыптасқан. Құрылыс учаскесінің топырағына әсер ету құрылыс аумағынан ТӨҚ-н алу арқылы болады. ТӨҚ ТКШ басқармасымен келісілген жерде толық көлемде шығарылады. Жер қойнауына әсер болмайды. Кәсіпорын қоршаған топыраққа әсерін болдырмау мақсатында кәсіпорын аумағының қажетті санитариялық жағдайын қамтамасыз етуге, қалдықтардың учаске шекарасынан тыс жерлерге түсуіне жол бермеуге міндеттенеді.

#### **16-слайд**

Құрылыс ауданындағы тарихи-мәдени мұра ескерткіштері жобаланған цехтан 1 км-ден астам қашықтықта орналасқан. Оларға әсері болмайды.

Ең жақын орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аумақ – Алтай ботаникалық бағы. Оған дейінгі қашықтық 3,7 км., оған әсері болмайды.

#### **17-слайд**

*Жаңа ұста-қазандық цехының СҚА өлшемі қолданыстағы санитариялық қағидаларға сәйкес белгіленді және 300 м құрайды. Жаңа цехтың СҚА «Казцинкмаш» ӨК белгілеген СҚА шекарасына кіреді.* СҚА шекарасында тұрғын аймақ жоқ. Шашырауын есептеу негізінде фондық концентрациялар мен қолданыстағы шығарындылар көздерін ескере отырып, ластауыш заттектердің концентрациясы 1 ШРК болатын оқшаулау сызығы бойымен өтетін әсер ету аймағы анықталды. Әсер ету аймағы санитариялық-қорғау аймағының бекітілген шекарасы ішінде жатыр, оны түзету қажет емес.

#### **18-слайд**

Өндірістік экологиялық бақылау кезеңділігі тоқсанына 1 рет түтін құбырында, сондай-ақ шаңтүту қондырғыларда жылына кемінде 1 рет көзделеді.

Атмосфералық ауаның ластануын бақылау тоқсан сайын СҚА шекарасында, тұрғын аймаққа жақын жерде жүргізіледі.

Экологиялық бақылаудың нәтижелері өндірістік бақылау туралы мерзімді есептерді жасау үшін және қажет болған жағдайда кәсіпорынның экологиялық қызметі шешім қабылдауы үшін қолданылады.

## 19-слайд

Жаңа ұста-қазандық цехының учаскесінде туындауы мүмкін негізгі авариялық жағдайлар – шаңтұту жабдығының істен шығуы, пропан-бутан газ қоспасының шығуы және жарылуы, өрт.

Шаңтұту жабдығы істен шыққан кезде онымен ұштасқан технологиялық жабдықтың жұмысы тоқтатылады. Шаңтұтқылардың жұмысын мүмкіндігінше тез реттеу қажет, себебі технологиялық жабдықтың ұзақ уақыт тоқтап тұруы кәсіпорынның өнімділік көрсеткіштерін төмендетуі мүмкін.

Пропан-бутан газ қоспасының шығуы мен жарылуы, сондай-ақ өрт қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына және кәсіпорынның материалдық меншігіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. «Казцинкмаш» ӨК аумағынан тыс жерлерге бұл авариялар тарамайды. Осы оқиғалар туындауы мүмкін болғандықтан кәсіпорында аварияларды жою жоспары әзірленді. Алайда авариялық жағдайлардың алдын алуға және олардың пайда болу ықтималдығының ең аз белгілері болған жағдайда оларды тоқтатуға көп көңіл бөлу қажет.

## 20-слайд

Жоспарланған қызмет жобасында қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар көзделген.


Атмосфералық ауаға әсерді азайту үшін тиімділігі жоғары (90-95%) заманауи шаңтұту агрегаттары, сондай-ақ экологиялық тұрғыдан барынша қауіпсіз қолжетімді отын – сұйытылған газды пайдалану көзделеді.

Су ресурстарына әсерді азайту үшін нөсер ағындарын жинау, айналмалы сумен жабдықтау жүйесін пайдалану, салқындату үшін суды қажет етпейтін пештерді пайдалану көзделеді.

Топырақ жамылғысына әсерін азайту үшін топырақ-өсімдік қабатын алу және шығару жүргізіледі, кәсіпорын аумағының қоқыстануын болдырмайды.

Қалдықтарды қауіпсіз орналастыру үшін арнайы алаңшаларда қалдықтарды жинақтау көзделеді, арнайы ұйымдармен шарттар жасалады, қалдықтардың бір бөлігі кәсіпорында пайдалану үшін беріледі.

## Таныстырылым




«Казцинк» ЖШС «Казцинкмаш» ӨК  
«Ұста-қазандық цехы құрылысының»  
ықтимал әсері туралы есеп


## Көзделген қызмет атауы және оны іске асыру қажеттілігі

Тыңдауға "Казцинк" ЖШС "Казцинкмаш" ӨК "Ұста-қазандық цехы құрылысының" ықтимал әсері туралы есеп ұсынылды

Құрылманың толықтай тозуы, 1953 жылы салынған цех ғимаратының апатты жағдайы



ӘТК-мен Ұста-қазандық цехының қолданыстағы ғимаратының орнына жаңа ғимарат пен коммуникациялар салу қажеттілігі




Объектінің орналасқан жерінің шолу карта тәсімі



2

## Көзделген қызмет жүзеге асырылатын жер



Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. «Казцинкмаш» ӨК негізгі өнеркәсіптік алаңшасының аумағы

Шығарындылардың шеткі көздерінен ең жақын тұрғын үйге дейін - 300 м, құрылыс алаңынан - 270 м. Ең жақын су объектісі – атауы жоқ бұлақ - құрылыс алаңынан 534 м қашықтықта орналасқан.

Қорғалатын ең жақын табиғи аумақ - Алтай ботаникалық бағы (3680 м қашықтықта). Ең жақын орманшылық 2240 м қашықтықта.

Географиялық координаттары:

Северной широты	Восточной долготы
50°20'36"	83°29'33"
50°20'35"	83°29'37"
50°20'32"	83°29'36"
50°20'32"	83°29'32"



3

## Ықтимал әсерлер туралы есеп жасау кезіндегі қоршаған ортаның сипаттамасы

Риддер қ. халық саны – 51 984 адам. (01.03.2024 ж.)

Қала өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік есебінен белсенді дамып келеді.

Ландшафт антропогендік, ертеден келе жатқан.

Ауданы 28,0554 га жер телімі "Казцинк" ЖШС "Қазцинкмаш" ӨК - ге жеке меншік құқығында тиесілі.

Қалыңдығы 0,2-0,4 м. топырақ өсімдікті қабат.

Өнеркәсіптік алаң орналасқан аймақтағы өсімдіктер мен жануарлар әлемі ландшафт типіне сәйкес келеді.

Қалаға іргелес аумақта олар алуан түрлі.

Атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың құрамы

Ластаушы заттектің атауы	ШРК	Аялық концентрация	СҚА шекарасындағы концентрация	Ескертпе
Азот диоксиді	0,2	0,1446	0,2	ШРК-дан аспайды
Көміртек оксиді	5	1,5346	4,5	ШРК-дан аспайды
Күкірт диоксиді	0,5	0,1323	0,04	ШРК-дан аспайды
Азот оксиді	0,4	0,1669	-	ШРК-дан аспайды

Объект су қорғау аймақтары мен су объектілерінің белдеулерінен тыс орналасқан.

Атауы жоқ бұлақ – құрылыс учаскесінен 534 м

Хариузовка өз. - құрылыс учаскесінен 1 260 м

Тихая өз. – құрылыс учаскесінен 1530 м

Жерасты сулары 11,5-13,5 м. тереңдікте.

Химиялық құрамы: бейтарап рН сульфат-хлоридті-натрий-калий типті.



4

## Жер телімінің сипаттамасы

Кадастрлық нөмірі № 05-083-008-186, ауданы 28,0554 га жер телімі жеке меншік құқығында "Казцинк" ЖШС тиесілі.

Жер телімінің мақсатты арналымы : **жөндеу-механикалық заводының негізгі өнеркәсіп алаңшасын орналастыру.**

Құрылыс учаскесіндегі топырақ - өсімдік қабаты - қара сұр саздақ, қарашірікті, шөптердің тамыры бар. Қабат күндізгі беттен барлық жерде жатыр. Қабаттың қалыңдығы 0,2-0,4 м.

Құрылыс үшін жаңа жер телімдері қажет емес.

Бас жоспар бойынша негізгі көрсеткіштер:

- құрылыс ауданы – 7935 м<sup>2</sup>;
- жабын ауданы – 5688 м<sup>2</sup>;
- басқа аумақтар – 6352 м<sup>2</sup>.




Құрылыс объектісінің жер телімінің шекарасына қатысты орналасқан жері



5

## Көзделген қызметтің қысқаша сипаттамасы

- Ұста-қазандық цехы "Казцинкмаш" ӨК бұйымдары үшін дайындамалар (шыңдалғылар мен қалыптамалар) шығарады. Ол үшін бу-ауа балғалары, баспақтар, соғу машиналары, металл өңдеу білдектері, шар илемдеу кешендері пайдаланылады, пісіру және газбен кесу жұмыстары жүргізіледі.
- Цех өндірістік қуаттылықты арттырмай қолданыстағы цехтың орнына салынады.
- ӨТК-мен ұста-қазандық цехының жаңа ғимараты тұрғызылады.
- Жаңа цехқа қолданыстағы цех пен ӨТК жабдықтары көшіріледі. Өнімділік өзгермейді.
- Сұйық отынмен жұмыс істейтін пештер жаңа цехқа ауыстырылмайды. Сұйытылған газбен жұмыс істейтін пештер орнатылады.
- 30 м<sup>3</sup> сұйытылған газ қоймасы орнатылады.
- Құрылыс жұмыстары шамамен 21 ай бойы жалғасады, бұл ретте негізгі өндіріс жұмысын жалғастырады.



Жобаланған цехтың өнімділігі қолданыстағы жағдаймен салыстырғанда өзгермейді :

- дайын өнім бойынша – 47115,0 т/жыл,
- шикізат бойынша (металл) – 54516,0 т/жыл.

Дизельді отынды сұйытылған газға ауыстыру.

Жаңа орынжайға балқымалау учаскесі ауыстырылмайды, сол орнында қалады, жобада көзделмейді.

Ұста-қазандық цехының ғимараты тікбұрышты, өлшемі 75x75 м (90,1x76,5 м жапсарлас құрылыстарды ескере отырып).

ӨТК ғимараты тікбұрышты, өлшемі 75x12 м.



6

## Бөлшектеу жұмыстары

Қолданыстағы ҰҚЦ ғимаратын бұзу жобада көзделмейді.

Құрылыс аумағында мыналар бар:

- асфальт бетонне жабын – 1245 м<sup>2</sup>;
  - жарықтандыру бағандары – 5 дана.;
  - электрмен жабдықтау тораптары – 136 м.
- Бөлшектеуге жатады .

Асфальтбетон жабынының сынықтары құрылыс қалдықтары ретінде жіктеледі.

Жарықтандыру бағандары мен электрмен жабдықтау тораптары жабдық қоймасында сақталады және болашақта арналымына сай пайдаланылуы мүмкін.



Асфальт жабынды бөлшектеу



Жарықтандыру бағандарын бөлшектеу




Электрмен жабдықтау тораптарын бөлшектеу




7

## Жобаны іске асыру нұсқалары және ұтымды нұсқаны таңдау



8

## Көзделетін қызметтің атмосфералық ауаға әсері



9

## Су бассейніне әсер

Жобаланған цех **су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерінен** тыс орналасқан.

Жобаны іске асыру нәтижесінде **сумен жабдықтау көздері өзгермейді** :

- шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне су "Водоканал" ШЖҚ КМК-мен шарт бойынша жеткізіледі;
- техникалық қажеттіліктерге арналған су "Компания ЛК ГЭС" ЖШС-мен шарт бойынша жеткізіледі.

**Шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне су шығыны, тұрмыстық сарқынды сулардың түзілуі** қолданыстағы ережемен салыстырғанда **өзгермейді**.

Жобаны іске асыру нәтижесінде **цехтың су буру тәсімі өзгермейді**

- тұрмыстық сарқындылар "Водоканал" ШЖҚ КМК-мен шарт бойынша бұрылады;
- өндірістік және нөсер ағындары "Казцинкмаш" ӨК өнеркәсіптік-нөсер көрізіне бұрылады, тазарту құрылысжайларында тазартылады және эмиссияларға рұқсатқа сәйкес атауы жоқ бұлаққа шығарылады.

**Өндірістік қажеттіліктерге арналған су шығыны мен сарқынды сулардың түзілуі** қазіргі жағдаймен салыстырғанда **өспейді** :

- пісіру жұмыстары мен шар илемдеу кешендерінен су шығыны және сарқынды сулардың түзілуі өзгермейді;
- қолданыстағы 3 пеш 50,7 мың м<sup>3</sup>/жыл суды тұтынады, содан кейін ол өнеркәсіптік нөсер су көрізіне түседі. Жаңа цехта жаңа пештер суды қажет етпейді. Жоба бойынша орнатылатын индукциялық қыздыру қондырғысы 9,6 мың м<sup>3</sup>/жыл су тұтынады, содан кейін ол өнеркәсіптік нөсер су көрізіне түседі;
- жаңа цех аумағынан нөсер ағындарының көлемі 1,875 мың м<sup>3</sup>/жыл.

Осылайша, жобаны іске асыру нәтижесінде судың жалпы шығыны және цех бойынша сарқындардың түзілу көлемі ұлғаймайды.

**Сарқынды сулардың құрамы өзгермейді**, себебі цехтағы техникалық су тек жабдықты салқындату үшін пайдаланылған және пайдаланылатын болады.

**Көзделген қызметтің жерүсті суларына әсері рұқсат берілді деп бағаланады**

**Көзделген қызметтің жерүсті суларына әсері болжалмайды**



10

## Түзілген қалдықтардың қоршаған ортаға әсері

Қолданыстағы жабдық жаңа цехқа көшіріледі

Дизель отынының орнына сұйытылған газ қолданылады

**Қазіргі жағдаймен салыстырғанда:**

- 1) Қалдықтар тізбесі кеңеймейді
- 2) Қалдықтар саны ұлғаймайды
- 3) 1 қалдық - күл-қож қалдықтарының түзілуі алынып тасталады

**Қауіпсіз қалдықтар:**

- Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары - арнайы ұйыммен шығарылады және кәсіпорында пайдаланылады
- Тұрмыстық қатты қалдықтар – арнайы ұйыммен шығарылады
- Тозған арналуы киім мен ЖҚҚ – арнайы ұйыммен шығарылады
- Басып шығаратын құрылғылардың пайдаланылған картридждері – арнайы ұйыммен шығарылады
- Электрондық және электр жабдығының қалдықтары – арнайы ұйыммен шығарылады
- Қағаз және картон қалдықтары мен макулатура – арнайы ұйыммен шығарылады

**Қауіпті қалдықтар:**

- Технологиялық қоқыс – «Казцинк» ЖШС-ға беріледі
- Майланған шүберек – арнайы ұйыммен шығарылады
- Пайдаланылған ЖСС – арнайы ұйыммен шығарылады
- Пайдаланылған люминесцентті шамдар – арнайы ұйыммен шығарылады

**Түзілген қалдықтардың жылдық көлемі – 1671,366 т/жыл**

**Қалдықтарды дұрыс орналастыру жағдайында қалдықтардың түзілу әсері қоршаған ортаға рұқсат берілді деп бағаланады**



11

## Қоршаған ортаға физикалық әсер

- Шуыл және діріл көздері - технологиялық және қосалқы жабдықтар.
- Шуыл әсерін есептеу қолданыстағы өндірістегі шуылды өлшеу деректерін ескере отырып жүргізілді. Талдау тұрғын үйлерге тікелей іргелес аумақтар үшін рұқсат етілген дыбыстық қысым деңгейінен артудың жоқтығын көрсетті.
- Қоршаған ортаның дірілмен ластануы жергілікті сипатқа ие, объект СҚА шекарасындағы дірілдің жиынтық деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.
- Цех аумағында радиациялық әсер ету көздері жоқ.

МЕМСТ 31295.2-2005 "Шу. Жергілікті жерге тараған кезде дыбыстың бәсеңдеуі". 2-бөлім. (Қазақстан Республикасының аумағында ҚР техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 296 бұйрығымен енгізілген).

"Адамға әсер ететін физикалық факторларға гигиеналық нормативтер" (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы)

**Көзделген қызметтің қоршаған ортаға физикалық әсері рұқсат берілді деп бағаланады**



12

## Жобаның жергілікті қауымдастыққа, адам денсаулығына әсерін бағалау

- Көзделген қызмет жергілікті халықтың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай әсер етпейді, себебі атмосфераның жер бетіндегі қабатында аяны есепке алмай және ТА шекарасындағы аяны ескере отырып ЛЗ таралуын есептеу барлық ЛЗ бойынша ШРК-ның артуы тіркелмегенін көрсетті.
- Әлеуметтік-экономикалық салдардың болжамы қолайлы.
- Жоспарланған жұмыстардың өңірлік-аумақтық табиғатты пайдалануға әсері төмен.
- Жұмыс істейтін қызметкерлерді жаңа цехқа ауыстыру қызметкерлердің денсаулығы үшін қолайлы болады, себебі олар қауіпсіз және жайлы қызметпен қамтамасыз етіледі.




**Барлық нормалар мен қағидаларды сақтай отырып жұмыстарды жүргізу жоспарланған жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз етеді және жергілікті қауымдастық пен адам денсаулығына қосымша, қажетсіз жүктеме тудырмайды**



13

## Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері

- Объект өнеркәсіптік қаладағы қолданыстағы кәсіпорынның аумағында салынған, сондықтан қалаларға тән өсімдіктер мен жануарлар кең таралған.
- Жобаны іске асыру нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері өзгермейді.
- Ұста-қазандық цехы генетикалық ресурстардың, өсімдіктер мен жабайы жануарлардың табиғи ареалдарының сақталуына, жабайы жануарлардың қоныс аудару жолына әсер етпейді.
- Жобаны іске асыру нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлар әлемі үшін қайтымсыз салдар болмайды.



Синантропты жануарлар

**Жобаны іске асыру кәсіпорын орналасқан аймақтағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қазіргі жағдайына әсер етпейді**



14

## Жер ресурстарына, топыраққа және жер қойнауына әсер

- Жұмыстар "Казцинкмаш" ӨК басқа объектілері орналасқан жер телімінің шекараларында жүргізіледі, жаңа жер телімдері талап етілмейді.
- Ландшафт өнеркәсіптік-қалалық, қатты бұзылған. Белгілі бір тәсім бойынша мақсатты түрде жасалған. Ұзақ мерзімді қолданыста.
- Құрылыс учаскесінің топырағына әсер құрылыс аумағынан ТӨҚ алу арқылы жүреді. ТӨҚ ТКШ басқармасымен келісілген жерлерге толық көлемде шығарылады.
- Жер қойнауына әсер етпейді.
- Кәсіпорын қоршаған топыраққа әсерді болдырмау мақсатында кәсіпорын аумағының қажетті санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге, қалдықтардың учаске шекарасынан тыс жерлерге түсуіне жол бермеуге міндеттенеді.



«Казцинкмаш» ӨК аумағындағы ландшафт

**Жобаны іске асыру кәсіпорын орналасқан аудандағы жер ресурстарының топырақ пен жер қойнауының қазіргі жағдайына әсер етпейді**



15

## Материалдық активтерге және тарихмәдени мұра объектілеріне әсер

### Тарихи-мәдени мұра ескерткіштері:

Республикалық маңызы бар ескерткіш – Кеңес Одағының Батыры Т. Тоқтаровқа (1970 ж.) – құрылыс учаскесінен 1 км

"Даңқ обеліскі" мемориалы (1975-1985 жж.) - құрылыс учаскесінен 1,6 км

Ұлы Отан соғысы жылдарында жарақаттардан қаза тапқан жауынгерлердің қабірлері (1945 ж.) – құрылыс учаскесінен 3,6 км



Ең жақын ерекше қорғалатын табиғи аумақ - Алтай ботаникалық бағы - құрылыс учаскесінен 3,68 км.

Жобаны іске асыру ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға әсер етпейді.



Тарихи-мәдени мұра объектілеріне теріс әсер жоқ



16

## Санитариялық қорғау аймағы және көзделген қызметтің әсер ету аумағы


### Жаңа ҰҚЦ СҚА өлшемі 300 м

("Адамның тіршілік ету ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын СҚА объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығы) Белгіленген СҚА шекарасына кіреді "Казцинкмаш" ӨК

СҚА өлшемі сақталады, оның шекарасына тұрғын аймақ кірмейді.

Аялық концентрацияларды ескере отырып, таралуды және қолданыстағы шығарындылар көздерін есептеу негізінде, ластаушы заттардың концентрациясы 1 ШРК болатын оқшаулау сызығының бойымен өтетін әсер ету аумағы белгіленді.

Әсер аумағы санитариялық - қорғаныс аймағының бекітілген шекарасында жатыр, оны түзету қажет емес.



17

## Өндірістік экологиялық бақылау

### Шығарындылардың көздерін бақылау :

- 1) Шаңтұтқыш жабдықтың жұмыс тиімділігін бақылау (жылына 1 рет)
- 2) Түтін құбырындағы шығарындылар мөлшерін бақылау (тоқсанына 1 рет)

### Атмосфералық ауаның ластануын бақылау :

- 1) Қолданыстағы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес
- 2) тұрғын аймақ орналасқан жағынан СҚА шекарасындағы 1 нүкте тоқсанына 1 рет

### Экологиялық бақылау нәтижелері :

- 1) Өндірістік бақылау бойынша мерзімді есептерді жасау
- 2) Шешім қабылдау және қажет болған жағдайда кәсіпорынның экологиялық қызметінің жедел әрекеттері




18

## Апатты жағдайлар бойынша мәліметтер


Ұста-қазандық цехының учаскесіндегі негізгі апаттық жағдайлар

- шаңтұтқыш жабдықтың істен шығуы;
- пропан-бутан газ қоспасының ағуы және жарылуы;
- өрт.



19

## Қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі ішаралар



20

## № 6 ҚОСЫМША

### Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және оның барысында алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынған ұйымның атауы)	Ескертпе (алыны тасталған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбын а қатысы жоқ")
1	Департамента экологии по ВКО, Гожеман Наталья Николаевна, руководитель отдела экологического регулирования "Согласно прилагаемому плану мероприятий, отсутствуют показатели, которые подтверждают, что предлагаемые мероприятия предлагаются с достаточно хорошим экологическим эффектом. Либо вы их не включили, либо не корректно составили план. Поясните, какие из мероприятий имеют хороший экологический эффект по снижению эмиссий, в том числе выбросов, и озвучьте их".	Вахранева Анна, ИП Грохотов "План мероприятий по охране окружающей среды будет приложен к пакету документов на получение экологического разрешения, а здесь мы приготовили описание мероприятий в рамках Отчета о возможных воздействиях, которые обеспечат снижение объема выбросов с 12,6 до 9 т/год. Это замена дизельного топлива на сжиженный газ и внедрение эффективной очистки для металлообработки и сварочных работ."	алынып тасталған ескерту